

**«Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық педагогикалық институты» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2023 жылдың 22 желтоқсандағы №8 хаттама)**



**«Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КЕАҚ
2023-2029 жылдарға арналған
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Арқалық, 2023

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| БАҒДАРЛАМА ТӨЛҚҰЖАТЫ | 3 |
| ИНСТИТУТТЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫН ТАЛДАУ | 5 |
| SWOT-ТАЛДАУ | 9 |
| МИССИЯ, ПАЙЫМДАУ, ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ | 10 |
| СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР, НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР | 11 |
| 1-стратегиялық бағыт. Білім беру қызметтері | 11 |
| 1-стратегиялық мақсат. Білім беру қызмет көрсету сапасын арттыру | 11 |
| 1.2-стратегиялық мақсат. Интернационалдандыру | 12 |
| 2-стратегиялық бағыт. Білім беру зерттеулері | 13 |
| 2.1-стратегиялық мақсат. Ғылыми-зерттеу қызметін дамыту | 13 |
| 2.2-стратегиялық мақсат. Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру | 14 |
| 3-стратегиялық бағыт. Әлеуметтік жауапкершілік | 15 |
| 3.1-стратегиялық мақсат. Қолжетімді білім | 15 |
| 3.2-стратегиялық мақсат. Білім алушылардың әлеуметтік-жеке құзыреттерін қалыптастыру | 15 |
| 4-стратегиялық бағыт. Тұрақты ЖОО | 16 |
| 4.1-стратегиялық мақсат. Білім алушылар контингенті | 16 |
| 4.2-стратегиялық мақсат. Қаржылық тұрақтылық | 17 |
| 2029 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР | 17 |
| Ресурстар | 18 |
| Аббревиатураларды декодтау | 19 |

БАҒДАРЛАМА ТӨЛҚҰЖАТЫ

| | |
|-------------------------------|--|
| Атауы | «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КЕАҚ-ның 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы |
| Даму үшін негіз | <p>Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспары Қостанай облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары</p> |
| Құрастырушылар | «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КЕАҚ |
| Мақсаты мен міндеттері | <p>Мақсаты: Педагог кадрларды даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындары арасындағы көшбасшылық және 2028 жылы Қазақстан Республикасының үздік 3 педагогикалық жоғары оқу орындарының қатарына кіру.</p> <p>Міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. ЖОО басқару сапасын арттыру; 2. Тәжірибеге және зерттеуге бағытталған білім беру бағдарламаларын жетілдіру; 3. Бизнес-процестердің цифрлық реинжинирингі; 4. Педагог кадрларды сапалы даярлау шеңберінде интернационалдандыруды кеңейту; 5. Ғылыми және инновациялық мүмкіндіктерді кеңейту; 6. Білім алушылар үшін ақпараттық-білім беру және әлеуметтік-мәдени ортаны құру; 7. Фандрайзингті дамыту және ЖОО қызметін қаржыландырудың қосымша көздерін тарту |

| | |
|-----------------------------|---|
| Іске асыру мерзімі | 2023-2029 жылдар |
| Қаржыландыру көздері | <ul style="list-style-type: none">- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша түскен қаражат;- білім беру қызметтерін көрсету шарттары бойынша жеке тұлғалардан түскен қаражат;- шарттар бойынша ұйымдардан, кәсіпорындардан және мекемелерден түскен қаражат;- институттың меншікті қаражаты;- ғылыми және өзге де жұмыстардың нәтижелерін іске асырудан түсетін кірістер |

ИНСТИТУТТЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫН ТАЛДАУ

2019 жылғы 11 қазанда ҚР Үкіметінің №752 «ҚР БҒМ Жоғары оқу орындарының кейбір мәселелері туралы» Қаулысымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын «Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып қайта құрылды.

2020 жылғы 28 шілдедегі №KZ45LAA00018500 мемлекеттік лицензиясын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті білім беру 6B01 Педагогикалық ғылымдар саласының 7 даярлау бағыты бойынша қайта рәсімдеді:

- Педагогика және психология,
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту педагогикасы,
- Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау,
- Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау,
- Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау,
- Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау,
- Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау.

Жоғары білімнің (бакалавриат) 28 білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – ББ) бойынша кадрлар даярлау ҚР «Білім туралы» Заңына, Болон декларациясына және жоғары білім беру саласындағы басқа да құжаттарға сәйкес жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім және жоғары білім базасында мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде жүзеге асырылады.

2021 жылы институт институционалдық аккредиттеуден өтті (Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі). Ұлттық рейтингте институт 18-ші орында, бакалавриат салалары бойынша институционалдық рейтингте – 6B01 Педагогикалық ғылымдар білім беру саласы бойынша 9-шы орында, 2 білім беру бағдарламасы үздік 5-тікке кірді (АРТА рейтингі, 2022 жыл).

«Атамекен» ҰКП рейтингінде 2019 жылы – 6, 2020 жылы – 10, 2021 жылы – 11, 2022 жылы – 7 білім беру бағдарламасы үздік 10-дыққа кірді. Оның ішінде 2019 жылы Бейнелеу өнері және сызу ББ – 1 орынды, Информатика ББ – 2 орынды иеленді. 2020 жылы Математика ББ – 1 орын, Педагогика және психология ББ – 3 орын, Мектепке дейінгі

оқыту және тәрбиелеу ББ – 3 орын, Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі ББ – 3 орын. 2021 жылы Педагогика және психология ББ – 1 орын, Бейнелеу өнері және сызу ББ – 1 орын. 2022 жылы Биология ББ 2 орынға ие болды.

Педагог кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырыс көлемі 50%-дан төмен.

Бүгінгі таңда Қостанай облысында жаратылыстану-ғылыми, оқу-педагогикалық мәселелерді кешенді түрде шешуге, елімізді білікті профессор-оқытушылар құрамымен қамтамасыз етуге және жаратылыстану пәндерін оқыту сапасын арттыруға қабілетті ғылыми-білім беру орталықтары мен заманауи зертханалар тапшы.

АрқПИ базасында (заңды тұлға құрмай) құрылатын «Жаратылыстану ғылымының ғылыми-білім беру орталығы» (бұдан әрі – Орталық) болашақ педагог мамандарды практикалық даярлау базасына, сондай-ақ жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін дамытудың өзегіне айналады. Орталықта биологиялық-географиялық және химиялық-экологиялық бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстары шоғырланатын болады. Бұдан басқа, Орталық білім беру субъектілері мен «Алтын Дала» резерватына ғылыми-зерттеу қызметтерін көрсетуді жоспарлап отыр. Жана орталық құру инновациялық білім беруді қалыптастыруға ықпал етеді және жаратылыстану ғылымдары мен практика саласындағы әлемдік жетістіктерді біріктіруге мүмкіндік береді. Пайдалану шығындары бойынша барлық шығыстар білім беру және ғылыми-техникалық қызметті іске асыру нәтижесінде пайда болатын АрқПИ қаражаты, сондай-ақ білім беру субъектілеріне, мүдделі ұйымдарға және «Алтын Дала» резерватына ғылыми-зерттеу қызметтерін іске асырудан түсетін кірістер есебінен қаржыландырылатын болады.

2023-2029 жылдары АрқПИ қызметі мынадай міндеттерді орындауға бағытталатын болады:

- озық білімді қалыптастыра алатын, үнемі өзін-өзі жетілдіре алатын, елдің индустриялық-инновациялық экономикасы үшін зияткерлік капиталды арттыра алатын жоғары білікті кадрларды даярлау үшін бірыңғай ғылыми-білім беру кешені ретінде инновациялық институттың қалыптасуы;
- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алған түлектердің ЖОО бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасуы;
- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;
- азаматтыққа және патриотизмге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін құрметтеуге, кез келген конституцияға қарсы және қоғамға қарсы көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

- белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіліктерін, тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- отандық және әлем мәдениетінің жетістіктеріне баулу; қазақ және республиканың басқа да халықтарының тарихын, салт-дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;
- жоғары оқу орнының дербестігін кеңейту, жоғары оқу орнын басқаруды демократияландыру;
- өңірдің және елдің қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;
- кәсіптік білім беруді қоғам мен еңбек нарығының өзгермелі қажеттіліктеріне тез бейімдеуге ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік, қашықтықтан, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;
- жалпы оқыту, жұмыс орнында оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және білім мен құзыреттілікке негізделген қоғамда әркімге өзінің жеке әлеуетін барынша пайдалануға көмектесетін өмір бойы оқыту жүйелерін дамыту;
- білім, ғылым және өндірісті интеграциялау;
- білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың білім алуы үшін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау.

Бағдарламаның негізгі бағыттары:

1. Өңірлік және республикалық деңгейде ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру.
 2. Педагог мамандығының жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.
 3. Қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету.
 4. Үздік тәжірибелер негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу.
 5. Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және дене дамуын қамтамасыз ету.
 6. Білім беру ұйымын цифрлық инфрақұрылыммен және заманауи материалдық-техникалық базамен жаратқандыру.
 7. Ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру.
 8. Ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру және ғылыми кеңістікке интеграцияны қамтамасыз ету. Жоғары оқу орнының басымдықтарының бірі дарынды педагог қызметкерлерді ұстап қалу саясаты болып табылады.
- Мамандықтың беделін арттыруға ықпал ететін ақпаратты орналастыру арқылы педагогтің оң имиджін

қалыптастыру бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде, оқытушылар «Үздік оқытушы» республикалық конкурсына қатысады.

АрқПИ-де педагогикалық этика қағидаттарының сақталуын қадағалауға және ЖОО оқытушыларының құқықтарын қорғауға бағытталған Педагогикалық этика жөніндегі кеңес жұмыс істейді. Орган оқытушыларға қатысты құқық бұзушылықтар мен педагогикалық әдепті бұзу мәселелерін қарайды. Педагогикалық этика жөніндегі кеңесті құру оның барлық қағидаттарын іске асырудың шарттарының бірі болып табылады, өйткені бұл педагогикалық этиканы дамыту процесін мақсатты және тұрақты етуге мүмкіндік береді. ЖОО-да Әдеп жөніндегі уәкіл комитеті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия жұмыс істейді.

Институт мәселелері:

- ✓ ғылыми-педагогикалық кадрлар дәрежесінің жеткіліксіз көрсеткіші;
- ✓ сапаны сыртқы және ішкі бағалау тетігін жетілдіру және білім беру бағдарламаларын және оларды жақсарту үшін кері байланысты сараптау қажеттілігі;
- ✓ оқу пәндерін оқытудың әдістемесін зерттеу саласы бойынша жүргізілетін зерттеулердің жеткіліксіз деңгейі;
- ✓ студенттер мен ПОҚ-ның ағылшын тілін меңгерудің төмен деңгейі;
- ✓ ағылшын тілінде арнайы пәндерді оқытатын ПОҚ-ның төмен үлесі;
- ✓ зерттеу жұмыстарымен айналысатын ПОҚ-ның төмен үлесі;
- ✓ мемлекеттік тілдегі оқу әдебиетінің жеткіліксіз саны.

SWOT-ТАЛДАУ

Институттың қызметі мен ағымдағы жай-күйін талдау ЖОО-ның күшті және әлсіз жақтарын (әлеуетті оң және ықтимал теріс ішкі факторлар), сондай-ақ ЖОО-ның дамуы үшін қолайлы мүмкіндіктер мен қатерлерді (әлеуетті оң және ықтимал теріс сыртқы факторлар) анықтауға мүмкіндік береді

| S (strength) – күшті жақтары | O (opportunity) – қолайлы мүмкіндіктері |
|---|--|
| <ul style="list-style-type: none"> - білім беру қызметтері нарығында, оның ішінде республиканың оңтүстік және батыс өңірлерінде позицияларды күшейту; - ПОҚ-ның білікті кадрлық құрамы; - түлектерді жұмысқа орналастырудың жоғары көрсеткіштері; - ЖОО инфрақұрылымы; - дамыған студенттік өзін-өзі басқару; - қаржылық тұрақтылық динамикасы; - жергілікті атқарушы органдармен, стейкхолдерлермен тығыз қарым-қатынас | <ul style="list-style-type: none"> - педагогикалық білім беруді жаңғырту; - жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігін кеңейту; - қоғамда педагог мамандығының беделін дамыту; - академиялық ұтқырлық шеңберінде жақын және алыс шетел жоғары оқу орындарының, ҚР жетекші жоғары оқу орындарының ғалымдарын ЖОО-на жұмысқа шақыру; - докторантура бағдарламалары бойынша ғылыми-педагогикалық кадрларды мақсатты даярлау арқылы ПОҚ сапалық құрамын арттыру; - ғылымды, оқыту әдістемелері мен технологияларын дамытудың басым бағыттары бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер спектрін кеңейту мүмкіндігі; - электрондық құжат айналымы жүйесін жетілдіру үшін цифрлық мүмкіндіктерді дамыту |
| W (weakness) – әлсіз жақтары | T (threat) – қауіптер |
| <ul style="list-style-type: none"> - талапкерлер үшін өңірдің тартымдылығы жеткіліксіз; - ПОҚ дәрежелілігінің төмен көрсеткіші; - ағылшын тілінде арнайы пәндерді оқытатын ПОҚ үлесінің төмендігі; - ПОҚ-ның ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруға арналған конкурстарға қатысуының төмен көрсеткіші | <ul style="list-style-type: none"> - басқа жоғары оқу орындарында ғылыми әлеуетті іске асырудың неғұрлым қолайлы перспективалары салдарынан дәрежелі ПОҚ-ның кетуі; - өңірдің төмен имидждік және әлеуметтік-экономикалық тартымдылығы; - елордада педагогикалық ЖОО ашу перспективалары, бұл білікті ПОҚ-ның кетуіне әкелуі мүмкін |

МИССИЯ, ПАЙЫМДАУ, ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Миссия: қоршаған әлемді жақсы жаққа өзгертетін жоғары кәсіби және жеке жетістіктерге қабілетті педагог кадрларды даярлауды қамтамасыз ету.

Пайымдау: а) өңірлік және республикалық деңгейде инновациялық идеялар мен жаңа білім қалыптастыратын шоғырландырушы орталық; ә) білім беру саласындағы өзара іс-қимыл, алмасу және халықаралық бағдарламаларды іске асыру орталығы.

Құндылықтар:

- Парасаттылық
- Ашықтық
- Шығармашылық
- Академиялық еркіндік
- Кәсіпқойлық
- Азаматтық жауапкершілік

Даму перспективалары:

- дарынды жастарды білім алушылар қатарына және профессор-оқытушылар құрамына тарту;
- ішкі корпоративтік мәдениетті жетілдіру;
- ЖОО ресурстары мен инфрақұрылымын кеңейту;
- институттың беделін өңірлік және республикалық деңгейде ілгерілету;
- ЖОО-ның рентабельділігі мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР, НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР

1-стратегиялық бағыт. Білім беру қызметтері

1.1-стратегиялық мақсат. Білім беру қызмет көрсету сапасын арттыру

1.2-стратегиялық мақсат. Интернационалдандыру

2-стратегиялық бағыт. Білім беру зерттеулері

2.1-стратегиялық мақсат. Ғылыми-зерттеу қызметін дамыту

2.2-стратегиялық мақсат. Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру

3-стратегиялық бағыт. Әлеуметтік жауапкершілік

3.1-стратегиялық мақсат. Қолжетімді білім

3.2-стратегиялық мақсат. Білім алушылардың әлеуметтік-жеке құзыреттерін қалыптастыру

4-стратегиялық бағыт. Тұрақты ЖОО

4.1-стратегиялық мақсат. Білім алушылар контингенті

4.2-стратегиялық мақсат. Қаржылық тұрақтылық

1-стратегиялық бағыт. Білім беру қызметтері

1-стратегиялық мақсат. Білім беру қызмет көрсету сапасын арттыру

| № НК | Негізгі көрсеткіш | Өлшем бірл. | 2023 | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 |
|---------|---|----------------|------|------|------|------|------|------|------|
| | 1.1.1-міндет: Педагог кадрларды сапалы даярлау шеңберінде интернационалдандыру ауқымын кеңейту үшін жағдайларды дамыту | | | | | | | | |
| 1 | ПОҚ жалпы санынан ағылшын тілінде оқытатын ПОҚ үлесі | % | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| 2 | Біліктілігін арттырудан және шетелдік тағылымдамадан өткен ПОҚ үлесі (тек Бағдарламаға) | % | 85 | 87 | 88 | 89 | 91 | 93 | 95 |
| 3 | Іске асыру кезінде әлемдік цифрлық кітапханалар пайдаланылатын білім беру бағдарламаларының үлесі | % | 0 | 10 | 17 | 24 | 34,5 | 41 | 48 |
| 4 | Оқу процесінде әлемдік цифрлық кітапханаларды пайдаланатын студенттердің үлесі | % | 0 | 2,5 | 10 | 13 | 16 | 20 | 25 |

| | | | | | | | | | |
|---|--|-------|----|-----|-----|----|-----|-----|----|
| 5 | ЖОО-ның халықаралық білім беру бағдарламаларының саны | бірл. | 0 | 1 | 1 | 2 | 2 | 3 | 3 |
| 1.1.2-міндет: Стейкхолдерлермен тиімді ынтымақтастық | | | | | | | | | |
| 6 | ПОҚ жалпы санынан оқу процесіне тартылған жұмыс берушілердің, бизнес-құрылымдар өкілдерінің үлесі (тек Бағдарламаға) | % | 2 | 2 | 3 | 4 | 5 | 5 | 6 |
| 7 | «Алтын белгі» иегерлері, соңғы үш жылдағы халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары, ағымдағы оқу жылындағы президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздары қатарынан ЖОО-ға түскендердің олардың жалпы санынан үлесі (тек Бағдарламаға) | % | 0 | 0,5 | 0,7 | 1 | 1,3 | 1,5 | 2 |
| 8 | ЖОО бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі (түпкілікті нәтиже) | % | 90 | 91 | 92 | 93 | 94 | 95 | 96 |

1.2-стратегиялық мақсат. Интернационалдандыру

| № | Негізгі көрсеткіш | Өлшем бірл. | 2023 | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 |
|----|---|-------------|------|------|------|------|------|------|------|
| НК | 1.2.1-міндет: шет елдердің жоғары оқу орындарымен халықаралық ғылыми-педагогикалық ынтымақтастықты кеңейту | | | | | | | | |
| 9 | Оқытушылық қызметке тартылған шетелдік сарапшылардың үлесі | % | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 10 | Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша студенттердің жалпы санынан кемінде триместр, семестр, оқу жылы мерзіміне шетелге кеткен студенттер үлесі | % | 0,4 | 0,5 | 0,6 | 0,7 | 0,8 | 0,9 | 1 |
| 11 | Студенттердің жалпы санынан ЖОО-дағы шетелдік студенттердің үлесі | % | 1 | 1,2 | 1,5 | 1,7 | 2 | 2,2 | 2,5 |
| 12 | Шетелдік ЖОО филиалдарының отандық ЖОО қызметіне қатысу дәрежесі (ЖОО менеджментін қалыптастыру кезінде шетелдік әріптестердің тәжірибесінің трансферті, білім беру | % | 0 | 0 | 0 | 0 | 10 | 15 | 20 |

| | | | | | | | | | |
|----|--|-------|---|-----------------|----|----|-----|-----|-----|
| | технологияларының трансферті (оқыту әдістемесі, оқу жетістіктерін бағалау, академиялық саясат және т.б.)), құрылған филиалдардың ПОҚ-н отандық білім беру бағдарламаларын іске асыруға тарту, шетелдік филиалдың тәжірибесін ескере отырып ББ-ны жаңарту, ПОҚ тәжірибесімен алмасу, ғылыми-зерттеу қызметі, жастар саясаты, қаржы саясаты) | | | | | | | | |
| | Филиал ашу үшін серіктес ЖОО-ны анықтау бойынша жұмыстың орындалу дәрежесі (келіссөздер, шарт жасасу, білім беру бағдарламаларын әзірлеу, кадрларды іріктеу, оқу әдебиеттерімен және жабдықтармен қамтамасыз ету және т. б.) | % | 0 | 25 | 50 | 75 | 100 | 100 | 100 |
| 13 | ЖОО базасында құрылған шетелдік филиалдардың бағдарламалары бойынша білім алушылар контингенті | адам | 0 | 0 | 0 | 0 | 50 | 70 | 100 |
| | Шетелдік филиалдың бағдарламалары бойынша білім алушылар контингентін тарту жөніндегі іс-шаралар | бірл. | 0 | жоспарға сәйкес | | | | | |

2-стратегиялық бағыт. Білім беру зерттеулері

2.1-стратегиялық мақсат. Ғылыми-зерттеу қызметін дамыту

| № НК | Негізгі көрсеткіш | Өлшем бірл. | 2023 | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 |
|---------|--|----------------|------|------|------|------|------|------|------|
| | 2.1.1-міндет: Халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіне кіру мақсатында институттың ПОҚ жарияланымдық белсенділігін арттыру | | | | | | | | |
| 14 | Жоғары рейтингті басылымдардағы институт қызметкерлерінің мақалалары мен шолуларының саны Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR | бірл. | 0 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 2.1.2-міндет: Ғалымның ғылыми-инновациялық әлеуеті мен мәртебесін арттыру | | | | | | | | |
| 15 | ПОҚ жалпы санынан білім беру және зерттеу жобаларына қатысатын ПОҚ үлесі (коэффициентке сәйкес) ** зерттеу жоғары оқу орындары үшін коэффициент – 2; ұлттық –1,5; өңірлік – 1; | % | 3 | 3 | 3,5 | 3,5 | 3,5 | 4 | 4 |

| | | | | | | | | | |
|----|---|------|----|----|----|----|----|----|----|
| | шағын контингенті 3000 адамға дейінгі өңірлік – 0,7; педагогикалық – 0,5 | | | | | | | | |
| 16 | Университеттің ПОҚ штатындағы ҒЗИ ғалымдарының қоса атқару және/немесе сағаттық төлем шарттарымен қызмет ететін саны (тек Бағдарламаға) | адам | 13 | 13 | 13 | 14 | 14 | 15 | 15 |
| 17 | Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын жас ПОҚ саны (коэффициентке сәйкес) | адам | 0 | 1 | 3 | 3 | 4 | 4 | 5 |

2.2-стратегиялық мақсат. Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру

| № НК | Негізгі көрсеткіш | Өлшем бірл. | 2023 | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 |
|---|---|-------------|------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|
| 2.2.1-міндет: Ғылыми-зерттеу қызметін іске асыру үшін тиімді орта құру | | | | | | | | | |
| 18 | Ғылыми-зерттеу қызметінің коммерцияланатын жобаларының саны | бірл. | 0 | 1 | 2 | 3 | 3 | 4 | 5 |
| 19 | ҒҒТҚН және қолданбалы ғылыми зерттеулердің коммерцияланатын жобаларын жеке қоса қаржыландыру көлемі (ЖАО, бизнес өкілдері) | мың.тг | 500 | 600 | 1000 | 1300 | 1500 | 2000 | 3000 |
| 20 | Ғылыми жобалардың жалпы санынан ЖОО-ның қызметкерлері, білім алушылары іске асырған стартап жобалардың үлесі (тек Бағдарламаға) | % | 0 | 5 | 10 | 10 | 15 | 15 | 20 |
| 21 | Түлектердің жалпы санынан ААО шеңберінде құрылған ғылыми-білім беру зертханаларында оқудан өткен түлектердің үлесі | % | 0 | 0 | 50 | 60 | 70 | 80 | 90 |
| 22 | ААО-на қатысатын білім беру бағдарламаларының жалпы санынан енгізілген және жаңартылған білім беру бағдарламаларының үлесі | % | 0 | 0 | 5 | 10 | 12 | 15 | 20 |
| 23 | ҒЗЖ бойынша қызметтер | мың.тг | 600 | 10000 | 12000 | 15000 | 20000 | 25000 | 30000 |
| 24 | Үкіметаралық келісімдер негізінде халықаралық ынтымақтастық шеңберіндегі ғылыми жобалар мен | бірл. | 0 | 0 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

| | | | | | | | | | |
|----|--|-------|---|---|---|---|---|---|---|
| | бағдарламалардың саны | | | | | | | | |
| 25 | Мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылған ҒЗЖ шеңберінде алынған патенттер саны | бірл. | 0 | 0 | 0 | 1 | 2 | 2 | 3 |

3-стратегиялық бағыт. Әлеуметтік жауапкершілік

3.1-стратегиялық мақсат. Қолжетімді білім

| № НК | Негізгі көрсеткіш | Өлшем бірл. | 2023 | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 |
|---------|--|----------------|------|------|------|------|------|------|------|
| | 3.1.1-міндет: Білім беру қызметтерін алушылардың нысаналы топтарын кеңейту есебінен ұсынылатын білім беру қызметтерін әртараптандыру (life-long learning) | | | | | | | | |
| 26 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін жағдайлардың қамтамасыз етілу деңгейі (оқу бағдарламалары, лифтілер, пандустар, тұтқалар және т. б.) | % | 70 | 80 | 85 | 90 | 95 | 100 | 100 |
| 27 | Күміс университетінің бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны | адам | 30 | 35 | 40 | 45 | 45 | 50 | 50 |
| 28 | Бейресми білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны (Күміс университеттен басқа) | адам | 30 | 35 | 40 | 45 | 45 | 50 | 50 |
| 29 | 6-74 жас аралығындағы цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған бейресми білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны | адам | 15 | 20 | 25 | 30 | 35 | 40 | 45 |

3.2-стратегиялық мақсат. Білім алушылардың әлеуметтік-жеке құзыреттерін қалыптастыру

| № НК | Негізгі көрсеткіш | Өлшем бірл. | 2023 | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 |
|---------|---|----------------|------|------|------|------|------|------|------|
| | 3.2.1-міндет: Білім алушылар үшін ақпараттық-білім беру және әлеуметтік-мәдени ортаны құру | | | | | | | | |
| 30 | Қоғамдық қызметке тартылған студенттердің үлесі | % | 70 | 75 | 80 | 85 | 90 | 95 | 100 |
| 31 | ЖАО үшін ұсынылған әлеуметтік және білім беру бастамалардың саны | бірл. | 0 | 2 | 2 | 3 | 3 | 4 | 5 |

4-стратегиялық бағыт. Тұрақты ЖОО
4.1-стратегиялық мақсат. Білім алушылар контингенті

| № НК | Негізгі көрсеткіш | Өлшем бірл. | 2023 | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 |
|--|--|----------------|------|------|------|------|------|------|-------|
| 4.1.1-міндет: Білім беру процесіне қатысушылар үшін қолайлы білім беру ортасын құру | | | | | | | | | |
| 32 | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау жөніндегі білім беру қызметтері (тікелей) | адам | 2437 | 2700 | 3200 | 3700 | 4000 | 4500 | 5200 |
| 33 | QS-WUR рейтингіндегі жоғары оқу орнының позициясы (түпкілікті нәтиже) (тізім бойынша) | орын | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1000+ |
| | QS-WUR рейтинг индикаторлары бойынша жұмыс орындау (рейтинг индикаторларын зерделеу және оларды іске асыру жөніндегі жұмыс жоспарын айқындау, рейтингке қатысушы қазақстандық жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу, рейтинг әкімшісімен кездесу, рейтингке қатысуға материал дайындау, рейтингке қатысу) | % | 0 | 20 | 40 | 60 | 80 | 100 | 100 |
| 34 | Халықаралық агенттіктер аккредиттеген білім беру бағдарламаларының үлесі | % | 93 | 93 | 93 | 93 | 93 | 100 | 100 |
| 35 | QS-BY SUBJECT-ке кірген бағдарламалар саны, ТОП-100 (тізім бойынша) | бірл. | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 |
| | QS - BY SUBJECT рейтинг индикаторлары бойынша жұмыс орындау (рейтинг индикаторларын зерделеу және оларды іске асыру жөніндегі жұмыс жоспарын айқындау, рейтингке қатысушы қазақстандық жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу, рейтинг әкімшісімен кездесу, рейтингке қатысуға материал дайындау, рейтингке қатысу) | % | 0 | 20 | 40 | 60 | 80 | 100 | 100 |
| 36 | Білім алушылардың, ПОҚ-ның білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесі | % | 83 | 85 | 87 | 88 | 89 | 90 | 93 |
| 37 | Магистратураның білім беру бағдарламаларын іске асыру | бірл. | 0 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

4.2-стратегиялық мақсат. Қаржылық тұрақтылық

| № НК | Негізгі көрсеткіш | Өлшем бірл. | 2023 | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 |
|---|--|-------------|------|------|------|------|------|------|------|
| 4.2.1-міндет: Бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру | | | | | | | | | |
| 38 | ЖОО-ның жалпы табысынан, оның ішінде эндаумент қоры шеңберінде ЖОО-ны дамытуға тартылған инвестициялар көлемі | % | 1,5 | 1,6 | 1,7 | 1,9 | 2,0 | 2,2 | 2,3 |
| 39 | Жалпы табыстан оқу және ғылыми жабдықтарды жаңартуға жұмсалған қаржы қаражатының үлесі | % | 3 | 3,5 | 4 | 4 | 4,5 | 4,5 | 5 |
| 40 | ПОҚ жалақысының орташа деңгейін арттыру (алдыңғы жылмен салыстырғанда) | % | 20 | 10 | 12 | 14 | 16 | 18 | 20 |
| 41 | Білім алушылардың тиімді жұмыс істеуі және демалуы үшін инфрақұрылым құруға жұмсалған қаржы қаражатының үлесі (оқу корпустары мен жатақханалардағы коворкинг-орталықтар, қазіргі заманғы кітапхана, демалыс аймақтары, жайлы асхана) | % | 0,5 | 1 | 1,5 | 2 | 2,5 | 3 | 4 |

2029 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

1. Білім алушылар контингенті – 5200 адам.
2. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі бірінші жылы түлектерді жұмысқа орналастыру – 96%.
3. Оқытылатын пәндер бейіні бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен ПОҚ үлесі – 100%.
4. Стейкхолдерлердің сұраныстарына сәйкес келетін білім беру бағдарламаларының үлесі – 100%.
5. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша триместрден, семестрден, оқу жылынан кем емес мерзімге шетелге кеткен студенттердің үлесі студенттердің жалпы санынан – 1%.
6. Шетелдік студенттердің үлесі – 2,5%.
7. Ұйымдастырылған қоғамдық қызметке тартылған ЖОО білім алушыларының үлесі – 100%.
8. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын ПОҚ үлесі – 4%.
9. Оқу және ғылыми жабдықтарды жаңартуға жұмсалған қаржы қаражатының үлесі – 5%.

Ресурстар

Институттың негізгі ресурстары басқару жүйесі, корпоративтік мәдениет, кадр саясаты, инфрақұрылым және қаржылық тұрақтылық болып табылады.

1. Басқару жүйесі – негізгі мақсат: бәсекелестік ортада жауапкершілікті арттыруға және көшбасшылықты қамтамасыз етуге бағытталған адам ресурстарын басқару жүйесін құру арқылы персоналды басқарудың тиімділігін арттыру.

2. Корпоративтік мәдениет – академиялық адалдық, ұжымдық жауапкершілік, толеранттылық және институт құндылықтарын құрметтеу қағидаттарына негізделген, жоғары оқу орны қызметінің тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады.

3. Кадрлық әлеует – сапалы кадрлар құрамын қалыптастыруға, қызметкерлердің кәсіби жетілуіне және жеке өсуіне ерекше назар аударылады. Кадр саясаты ЖОО-ның даму стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады және қажетті кәсіби, іскерлік және этикалық қасиеттерге ие таланттарды тартуға және дамытуға бағытталған. Оның негізгі мақсаты бәсекелестік ортада жауапкершілікті арттыруға және көшбасшылықты қамтамасыз етуге бағытталған адами ресурстарды басқару жүйесін құру арқылы персоналды басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады.

4. Инфрақұрылым

Институтта екі оқу ғимараты, екі студенттер үйі, стационарлық практика базасы (Көктал ауылы) бар. Жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен бұрынғы Торғай облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бос тұрған ғимаратын институттың оқу корпусына қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Оқу ғимараттарында 94 зертхана мен мамандандырылған кабинет, 5 спорт залы жұмыс істейді.

Цифрлық инфрақұрылым 7 сервермен, 440 дербес компьютермен, 100/1000 Мбит/сек алмасу жылдамдығымен жергілікті желімен, 200 Мбит/сек дейінгі жылдамдықпен интернетпен, wi-fi сымсыз желісімен, Platonus, Moodle ААЖ, Documentolog электрондық құжат айналымы жүйесімен, Antiplagiat.pl, Aero прокторинг жүйесімен, бағдарламалық жасақтамамен және т. б. қамтылған.

Кітапхана қорын қағаз тасымалдағыштағы оқу және ғылыми әдебиеттердің 312725 данасы, электрондық тасымалдағыштағы 24535 данасы құрайды.

Институт кампусы қызметкерлер мен білім алушылардың академиялық, зерттеу және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. МТБ мен цифрлық экожүйені жоспарлы дамыту, инклюзивті ортаны мақсатты кеңейту білім беру, зерттеу және консультациялық қызметтер көрсету сапасын арттыруға бағытталған.

5. Қаржылық тұрақтылық

Институттың келесі қаржыландыру көздері бар:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы;
- шарттық негізде білім беру қызметтерін ұсыну;
- ақылы қызмет көрсету;
- мемлекеттік-жекешелік әріптестік құралдары;
- институттың меншікті қаражаты;
- демеушілердің қайырымдылық жарналары;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа көздерден алынған қаражат.

Аббревиатураларды декодтау

КЕАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам

ББ – білім беру бағдарламасы

АРТА – Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі

ҰКП – Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

АрқПИ – Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

ПОҚ – профессорлық-оқытушылық құрам

ЖОО – жоғары оқу орны

Q1, Q2-квартиль (ширек) – ғылыми журналдар санаты, ол дәйексөзділік деңгейін, ғылыми қоғамдастықтың журналға деген сұранысын көрсететін библиометриялық көрсеткіштермен анықталады

ҒЗИ – ғылыми-зерттеу институты

ҒҒТҚН – ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

ААО – Академиялық артықшылық орталығы